

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК
КОРПОРАЦИЯСЫ» КЕАҚ-НЫҢ АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ
БОЙЫНША ФИЛИАЛЫ заңды
тұлға мемлекеттік қайта тіркеуден өткізілді
Алғашқы тіркелген күні ж. « »

ФИЛИАЛ НЕКОМЕРЧЕСКОГО АКЦИОНЕРНОГО ОБЩЕСТВА
«ГОСУДАРСТВЕННАЯ КОРПОРАЦИЯ «ПРАВИТЕЛЬСТВО ДЛЯ
ГРАЖДАН» ПО ГОРОДУ АЛМАТЫ
произведена государственная перерегистрация
юридического лица ж. « » 20 г.

Дата первичной регистрации « » 20 г.
БСН БИН 15104004552

297

Алматы қаласы әкімдігінің
2023 жылғы 10 мамырдағы № 2/293 қаулысына
29 қосымша

**Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының
шаруашылық жүргізу құқығындағы «№ 29 қалалық емхана»
коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының**

ЖАРҒЫСЫ

1. Жалпы ережелер

1. Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№ 29 қалалық емхана» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) денсаулық сақтау саласындағы қызметті жүзеге асыру үшін шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы құрылған заңды тұлғасы болып табылады.

2. Кәсіпорынның атауы Алматы қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 10 мамырдағы № 2/293 қаулысына сәйкес өзгертілді.

3. Кәсіпорынның құрылтайшысы Алматы қаласының әкімдігі (бұдан әрі - Құрылтайшы) болып табылады.

4. Кәсіпорынның мүлкіне қатысты субъектінің құқығын коммуналдық мемлекеттік меншік құқығын Құрылтайшы жүзеге асырады.

5. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асырушы орган Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы (бұдан әрі - Басқару органы) болып табылады.

6. Кәсіпорынның атауы:
мемлекеттік тілде: Алматы қаласы Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы «№ 29 қалалық емхана» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны;

орыс тілінде: Коммунальное государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Городская поликлиника № 29» Управления общественного здравоохранения города Алматы.

7. Кәсіпорынның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 050024, Алматы қаласы, Алатау ауданы, Зерделі шағын ауданы, 371/3.

2. Кәсіпорынның заңдық мәртебесі

8. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар бланкілері, мөрі болады.

9. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда заңды тұлғаларды, сондай-ақ басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

10. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

11. Кәсіпорынмен жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын

азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәттен бастап жасалынған деп есептеледі.

3. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Кәсіпорын қызметінің мәні денсаулық сақтау саласындағы қызметті жүзеге асыру болып табылады.

13. Кәсіпорын қызметінің мақсаты тұрғындардың денсаулығын қорғау жөніндегі мемлекеттік аумақтық бағдарламаларды орындау болып табылады.

14. Кәсіпорын алға қойылған мақсатты іске асыру үшін қызметтің келесі түрлерін жүзеге асырады:

1) медициналық қызметтің келесі кіші түрлеріне сәйкес медициналық қызмет: жедел медициналық көмек;

ересектерге және (немесе) балаларға мына мамандықтар бойынша амбулаториялық-емханалық: алғашқы медициналық-санитарлық көмек: дәрігерге дейінгі; білікті көмек; консультациялық-диагностикалық көмек: диагностика: рентгенологиялық, ультрадыбыстық, функционалдық, эндоскопиялық; зертханалық диагностика: бактериологиялық, биохимиялық, иммунологиялық зерттеулер, жалпы клиникалық, серологиялық, цитологиялық зерттеулер; акушерлік және гинекология, педиатрия, инфекциялық аурулар, терапия, невропатология, кардиология, ревматология, гастроэнтерология, нефрология, пульмонология, эндокринология, аллергология және иммунология, гематология; кәсіптік патология; жалпы дәрігерлік практика; жалпы хирургия: торакалдық; абдоминалдық; колопроктология; кардиохирургия; ангиохирургия; оториноларингология, офтальмология, трансфузиология; урология, травматология-ортопедия, анестезиология және реаниматология; дерматовенерология (дерматокосметология), фтизиатрия; онкология, стоматология, дәстүрлі медицина: гомеопатия, гирудотерапия, мануалдық терапия, рефлекстік терапия; фитотерапия және табиғатта жаралған заттармен емдеу; медициналық реабилитология, қалпына келтіретін емдеу: физиотерапия, массаж, емдік дене шынықтыру; спорттық медицина.

ересектерге және (немесе) балаларға мына мамандықтар бойынша стационарды алмастыратын көмек: диагностика: рентгенологиялық, ультрадыбыстық, функционалдық, эндоскопиялық; зертханалық диагностика: бактериологиялық, биохимиялық, иммунологиялық зерттеулер, жалпы клиникалық, серологиялық, цитологиялық зерттеулер; акушерлік және гинекология, педиатрия, инфекциялық аурулар, терапия, невропатология, кардиология, ревматология, гастроэнтерология, нефрология, пульмонология, эндокринология, аллергология және иммунология, гематология; кәсіптік патология; жалпы дәрігерлік практика; жалпы хирургия: торакалдық; абдоминалдық; колопроктология; кардиохирургия; ангиохирургия; оториноларингология, офтальмология, трансфузиология; урология, травматология-ортопедия, анестезиология және реаниматология; дерматовенерология (дерматокосметология), фтизиатрия; онкология, стоматология, дәстүрлі медицина: гомеопатия, гирудотерапия, мануалдық терапия, рефлекстік терапия; фитотерапия және табиғатта жаралған заттармен емдеу; медициналық реабилитология, қалпына келтіретін емдеу: физиотерапия, массаж, емдік дене шынықтыру; спорттық медицина.

2) еңбекке уақытша жарамсыздық және кәсіби жарамдылық сараптамасы;

3) есірткі құралдарын, психотроптық заттарды және прекурсорларды алумен, сақтаумен, таратумен және жоюмен байланысты қызмет.

4) иондаушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптармен және қондырғылармен жұмыс істеуге; иондаушы сәулеленуді генерациялайтын аспаптарды және қондырғыларды пайдалану.

5) фармацевтикалық қызмет.

15. Мемлекеттік лицензиялауға жататын қызметтерді тиісті лицензиясы болған жағдайда Кәсіпорын жүзеге асырады.

16. Кәсіпорынның осы Жарғыда бекітілген оның қызметінің мәні мен мақсатына сай емес қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқығы жоқ.

17. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасаған мәмілесі тиісті саланың уәкілетті органының немесе мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның, Құрылтайшы немесе прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4. Кәсіпорынды басқару

18. Құрылтайшы заңнамамен белгіленген тәртіпте келесі қызметтерді жүзеге асырады:

1) Кәсіпорынды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

2) Кәсіпорынның Жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді немесе жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын, коммуналдық мүлікке билік етуге уәкілетті атқарушы органға өкілеттік береді;

3) коммуналдық мүлікті Кәсіпорынға бекітеді;

4) Кәсіпорынның филиалдар мен өкілдіктер құруына келісім береді;

5) Кәсіпорынның мүлкін пайдалану туралы, оның ішінде оны кепілдікке беруге, жалға алуға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлік басқаруға беру туралы шешімдер қабылдайды;

6) осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Басқару органы заңнамамен белгіленген тәртіпте келесі қызметтерді жүзеге асырады:

1) Кәсіпорынның бюджетінен қаржыландырылатын қызметінің басым бағыттарын және міндетті жұмыс (қызметтер) көлемін анықтайды;

2) Кәсіпорынның даму жоспарларын және оларды орындау жөніндегі есептерін қарайды, келіседі және бекітеді;

3) Кәсіпорынның даму жоспарларының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;

4) Кәсіпорынның мүлкін пайдалануға және сақтауға бақылауды қамтамасыз етеді;

5) Кәсіпорынның мүлкін есепке алуды ұйымдастырады, оны тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді;

6) шаруашылық жүргізу құқығындағы кәсіпорындар үшін кәсіпорын басшысының, оның орынбасарларының және бас (аға) бухгалтердің лауазымдық

айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйақы беру және өзге де сыйақы жүйесін белгілейді;

7) жыл сайын Кәсіпорынның еңбекақы қорының мөлшерін белгілейді;

8) осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамасында жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

19. Кәсіпорынның басшысы (бұдан әрі – Директор), сондай-ақ осы Жарғының 5 тарауында көзделген жағдайда, байқау кеңесі оның органы болып табылады.

20. Директорды тағайындау, оны аттестаттаудан өткізу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

21. Басқару органы Кәсіпорынның Директорымен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы ресімдейді.

Еңбек шартында Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен белгіленген жағдайлардан басқа, бюджетке таза табыстың белгіленген бөлігі уақтылы аударылмағаны үшін Кәсіпорын Директорының жауапкершілігі айқындалады.

22. Директордың Кәсіпорынның жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекеттері еңбек міндеттерін бұзу болып табылады және бұл тәртіптік және материалдық жауапкершілік шараларын қолдануға алып келеді.

23. Кәсіпорынның Директоры дара басшылық қағидаты негізінде әрекет етеді және Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді, егер осы Заңда және Кәсіпорынның жарғысында өзгеше көзделмесе.

24. Директор:

1) Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мүдделерін барлық органдарда білдіреді;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;

3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;

4) сенімхаттар береді;

5) банктік шоттар ашады;

6) Кәсіпорынның барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;

7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорынның қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, көтермелеу шараларын қолданады және егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен өзгеше көзделмесе оларға жаза қолданады;

Басшының ұсынымы бойынша Құрылтайшы қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Кәсіпорын қызметкерлерінің номенклатурасы оның Жарғысында белгіленеді;

8) өзінің орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін Басқару органына кандидатураларды ұсынады;

9) өзінің орынбасарларының және Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;

10) төмендегілерге жеке жауап береді:

Кәсіпорынның қаржылық-шаруашылық қызметі және мүлкінің сақталуына; таза кірістің белгіленген бөлігін бюджетке уақтылы аударылмауына;

Кәсіпорынның даму жоспарын іске асыру нәтижелілігі мен тиімділігіне;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

25. Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамалық актісінде белгіленген тәртіппен Кәсіпорын банкрот деп танылған кезде немесе оңалту рәсімі қолданылғанда және уақытша не банкроттықты немесе оңалтуды басқарушы тағайындалған жағдайларда, оны басқару бойынша барлық өкілеттіктер тиісті түрде уақытша не банкроттықты немесе оңалтуды басқарушыға өтеді.

5. Байқау кеңесі бар Кәсіпорынды басқару ерекшеліктері

26. Кәсіпорында Құрылтайшының шешімі бойынша Кәсіпорын органы – байқау кеңесі құрылуы мүмкін.

27. Байқау кеңестері құрылатын шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорындардың өлшемшарттарын уәкілетті орган бекітеді.

28. Байқау кеңесін құру тәртібін, байқау кеңесінің құрамына сайланатын адамдарға қойылатын талаптарды, сондай-ақ байқау кеңесінің мүшелерін конкурстық іріктеу және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату тәртібі уәкілетті органмен бекітіледі.

29. Байқау кеңесі мүшелерінің қызметін бағалау және байқау кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу лимитін анықтау уәкілетті органмен белгіленеді.

30. Кәсіпорынның байқау кеңесі келесі өкілеттіктерге ие:

1) Басқару органына Кәсіпорынның дамыту жоспарының жобасы, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша қорытынды береді;

2) дамыту жоспарының орындалуы туралы есептің жобасын келіседі, Кәсіпорынның жылдық қаржы есептілігін алдын ала бекітеді;

3) демеушілік, қайырымдылық көмектер мен қосымша көздерден алынған қаражатты, оның ішінде Кәсіпорынның иелігінде қалған таза табыстың бір бөлігін бөлу туралы шешім қабылдайды;

4) бюджет қаражаты мен қосымша көздерден алынған қаражаттың нысаналы пайдаланылуын бақылау үшін Кәсіпорынның және оның құрылымдық бөлімшелерінің құжаттамасымен кедергісіз танысады және көрсетілген қаражаттың нысаналы пайдаланылуын тексеруді жүзеге асыру үшін Құрылтайшыға ұсыныстар енгізеді;

5) Кәсіпорынның басшысын тағайындау және онымен еңбек шартын бұзу мәселелері бойынша Басқару органының ұсыныстарын келіседі;

6) ұжымдық шартты әзірлеуге қатысады және қосымша қаржы көздерінен, даму жоспарында бекітілген қаражат шегінде Кәсіпорын қызметкерлерінің, басшысының, оның орынбасарларының, бас бухгалтерінің лауазымдық жалақыларына үстемеақы белгілеу, сыйлықақы беру және материалдық көмек көрсету бөлігінде шешімдер қабылдайды;

7) байқау кеңесінің хатшысын тағайындайды, оның өкілеттік мерзімін және еңбекақысының мөлшерін айқындайды, оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатады;

8) Басқару органына Кәсіпорынның жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар енгізеді;

9) Кәсіпорын қызметінің басым бағыттары бойынша ұсыныстар дайындайды;

10) Басқару органына Кәсіпорынның басқа заңды тұлғаларға қатысуы туралы ұсыныстар енгізеді;

11) Басқару органына Кәсіпорынның филиалдарын, өкілдіктерін құру және жабу туралы ұсыныстар енгізеді;

12) Кәсіпорынның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекітеді;

13) Кәсіпорынның атқарушы органының құрамына тағайындауға кандидатураларды сайлайды, сондай-ақ атқарушы органының мүшесімен еңбек шартын бұзу мәселесін алдын ала келіседі;

14) Кәсіпорынның ішкі аудит қызметінің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін айқындайды, оның басшысы мен мүшелерін тағайындайды, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқығы болады, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі жұмыскерлерінің еңбекақысы мен сыйақы беру мөлшерін және шарттарын айқындайды;

15) қаржылық есептілік аудиті үшін аудиторлық ұйым көрсететін қызметтерге ақы төлеу мөлшерін айқындайды;

16) Кәсіпорынның ұйымдық құрылымын бекітеді;

17) Кәсіпорын немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын қызметі туралы ақпаратты айқындайды;

18) осы Заңда және (немесе) Кәсіпорынның жарғысында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Осы тармақта белгіленген байқау кеңесінің өкілеттіктерін мемлекеттік кәсіпорынның атқарушы органына беруге жол берілмейді.

31. Кәсіпорынның байқау кеңесінің отырыстары қажет болуына қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет өткізіледі.

32. Кәсіпорынның байқау кеңесінің отырысын оның төрағасы өз бастамасы бойынша, тиісті саланың Басқару органының, байқау кеңесі мүшесінің немесе Кәсіпорын басшысының талап етуі бойынша шақырылуы мүмкін.

33. Кәсіпорынның байқау кеңесінің отырысы, егер байқау кеңесінің барлық мүшелері оның өтетін уақыты мен орны туралы хабардар етілсе және отырысқа байқау кеңесі мүшелерінің жартысынан астамы қатысса, заңды болып табылады. Байқау кеңесі мүшесінің өз дауысын байқау кеңесінің басқа мүшесіне немесе өзге жеке тұлғаға (сенімхат бойынша) беруіне жол берілмейді.

34. Байқау кеңесінің әрбір мүшесі дауыс беру кезінде бір дауысқа ие болады. Дауыстар тең болған жағдайда байқау кеңесі төрағасының дауысы шешуші дауыс болып табылады.

35. Байқау кеңесінің шешімдері жазбаша нысанда ресімделеді және оларға байқау кеңесінің барлық мүшелері қол қояды.

6. Кәсіпорынның мүлкі

36. Кәсіпорынның мүлкін, құны оның тенгерімінде көрсетілетін Кәсіпорынның активтері құрайды.

37. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейді және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

38. Кәсіпорынның мүлкі:

1) оған меншік иесі берген мүліктің;

2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүліктің (ақшалай табыстарды қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаражат көздерінің есебінен қалыптастырылады.

39. Кәсіпорынның жүргізуінде тек оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлкі болуы мүмкін.

40. Шаруашылық жүргізу құқығын алу және тоқтату, егер осы Жарғыда өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

41. Шаруашылық жүргізудегі мүлікті пайдаланудың жемістері, өнімі мен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның шаруашылық жүргізуіне түседі.

42. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, мүлікке шаруашылық жүргізу құқығы, оған қатысты меншік иесі оны Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған, Кәсіпорында мүлікті өз теңгеріміне бекіткен сәтінде туындайды.

43. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен шығаруға құқығы жоқ.

44. Кәсіпорынның мүлкіне шаруашылық жүргізу құқығы, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабында көзделген тәртіппен және меншік құқығын тоқтату негіздері бойынша, сондай-ақ «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 144, 154, 162 баптарында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

45. Осы Жарғының 44-тармағында көзделген шаруашылық жүргізу құқығын тоқтатудың жалпы негіздерінен басқа, шаруашылық жүргізу құқығы Кәсіпорыннан мүлікті меншік иесінің шешімі бойынша заңды түрде алынып қойылған жағдайда тоқтатылады.

Занды түрде алып қою жағдайларына, атап айтқанда, мыналар:

шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорынның жарғылық қызметінің мақсаттарына жауап бермейтін мүлікті алып қою;

артық, пайдаланылмайтын не мақсатқа сай пайдаланылмайтын мүлікті алып қою жатқызылады.

46. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мүлікті алып қою туралы шешімінде Құрылтайшы Кәсіпорынға оны өзге тұлғаға бергенге дейін ұстауын және сақталуын қамтамасыз етудің мерзімін белгілейді.

47. Кәсіпорын Құрылтайшының жазбаша келісімімен Басқару органының ұсынымы бойынша мыналарға:

1) филиалдар, өкілдіктер құруға;

2) оған тиесілі акционерлік қоғамдардың акцияларына, сондай-ақ дебиторлық берешегіне билік етуге;

3) үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілгерлік немесе кепілдік беруге;

4) қарыздар беруге құқылы.

Кәсіпорынның (шаруашылық жүргізу құқығындағы) дебиторлық қарызды беруге және есептен алып тастауға, қарыз ұсынуға тек Басқару органының немесе Құрылтайшының жазбаша түрдегі келісімімен ғана құқығы бар.

48. Кәсіпорын оған шаруашылық жүргізу құқығында бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

49. Осы Жарғының 47 және 48-тармақтарында көрсетілген мүлікпен жасалған мәмілелерден алынған ақшаны, егер Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде немесе мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органда, Құрылтайшыда өзгеше белгіленбесе, Кәсіпорын дербес пайдаланады.

7. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру

50. Кәсіпорынның қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

Кәсіпорынның даму жоспарларын әзірлеу және бекіту тәртібін уәкілетті орган айқындайды.

51. Кәсіпорынның таза табысының бір бөлігін аудару нормативін Құрылтайшы белгілейді.

Кәсіпорынның таза табысының бір бөлігі белгіленген нормативтер бойынша Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде белгіленген тәртіппен тиісті бюджетке аударылуы тиіс.

Кәсіпорын таза табысының бір бөлігін тиісті бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларацияны тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

52. Кәсіпорын өзі өндіретін өнімді дербес іске асырады.

53. Кәсіпорын өндіретін тауарлардың (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) бағалары Кәсіпорынның оларды өндіруге жұмсаған шығындарын толық өтеуді, оның қызметінің залалсыздығын және өз табыстары есебінен қаржыландырылуын қамтамасыз етуге тиіс.

Бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) көлемі шеңберінде өндірілетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағаларын Құрылтайшының келісімі бойынша Кәсіпорын белгілейді.

Табиғи монополия субъектілеріне немесе тиісті тауар нарығында үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектілеріне жататын шаруашылық жүргізу құқығындағы Кәсіпорын өндіретін және өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) бағалары табиғи монополиялар субъектілерінің немесе тиісті тауар нарығында үстем немесе монополиялық жағдайға ие нарық субъектілерінің баға белгілеуін реттейтін Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары ескеріле отырып белгіленеді.

54. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Кәсіпорынның Жарғысында көзделмеген қызметті жүзеге асырудан осы Кәсіпорын алған табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған, сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мүлікті бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

8. Кәсіпорынның жарғылық капиталы

55. Кәсіпорынның жарғылық капиталының мөлшері 1 352 763 478 (бір миллиард үш жүз елу екі миллион жеті жүз алпыс үш мың төрт жүз жетпіс сегіз) теңге 15 тиынды құрайды.

Жарғылық капиталды меншік иесі (Құрылтайшы) Кәсіпорынның мемлекеттік тіркелуі кезіне толық қалыптастыруы тиіс.

9. Кәсіпорынның есепке алуы мен есептілігі

56. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және қаржылық есептіліктің Басқару органының немесе Құрылтайшының келісімі бойынша халықаралық стандарттарына сәйкес Кәсіпорынның басшысы бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

57. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есеп беруі бухгалтерлік теңгерімді, табыстар мен шығындар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, өз капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

58. Байқау кеңесі бар Кәсіпорын байқау кеңесінің, басшының, Басқару органының бастамасы бойынша Кәсіпорын қаражаты есебінен қаржылық есеп беру аудитін жүргізеді.

10. Кәсіпорынның жауапкершілігі

59. Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікпен жауап береді және мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

60. Құрылтайшының, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның немесе Басқару органының әрекеттерінен туындаған банкроттық жағдайларын қоспағанда, Мемлекет кәсіпорынның міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Бұл жағдайда мемлекет кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру үшін соңғысының қаражаты жеткіліксіз болған кезде кәсіпорынның міндеттемелері бойынша жауап береді.

11. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

61. Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын Басқару органы белгілейді.

62. Еңбекақы төлеу нысандарын, штат кестесін, лауазымдық айлықақылар мөлшерін, сыйлықақы беру және өзге сыйақы жүйесін белгіленген еңбекке ақы төлеу қорының шегінде Кәсіпорын дербес айқындайды.

63. Кәсіпорын басшысының, оның орынбасарларының, бас (аға) бухгалтердің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру жүйесін және басқа да сыйақыларды Басқару органы белгілейді.

12. Еңбек ұжымымен өзара қатынас

64. Кәсіпорынның әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексiне және ұжымдық шартқа сәйкес белгіленеді.

65. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидасына сәйкес белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

13. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

66. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату Құрылтайшының шешімі бойынша жүргізіледі.

Кәсіпорын Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен көзделген басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

67. Коммуналдық Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды Құрылтайшы жүзеге асырады.

68. Несие берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның мүлкін Құрылтайшы қайта бөледі.

Несие берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның ақшасы, Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, жергілікті бюджеттің табысына есептеледі.

14. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

69. Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтыруларды Құрылтайшы енгізеді немесе оған жергілікті бюджеттен қаржыландыратын, коммуналдық мүлікке билік етуге уәкілетті атқарушы органға өкілеттік беріледі.